

**Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 46 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 ақпанда № 10325 тіркелді

«Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-14) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.В. Петров) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді ;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р*

*полиция генерал-лейтенанты*

*Қ. Қасымов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і

і с т е р

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 3

қ а ң т а р д ы ң

№ 4 6

б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілді

**Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидалары**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 12-бабы 1-тармағының 70-14) тармақшасына сәйкес әзірленген және төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексерудің мақсаты төтенше жағдайда әкеп-соққан себептерді анықтау, олардың салдарларын жоюға шаралар қолдану, оларды алдын алу және материалдық шығындарды анықтау іс-шараларын жүргізу болып табылады.

## 2. Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру

3. Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) төтенше жағдайды жариялаған кезде жүргізіледі.

Ғаламдық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган құратын комиссия тергеп-тексереді.

Жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайларды азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі құратын комиссия тергеп-тексереді.

Комиссия құрамына мүдделі мемлекеттік органдарды және төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан авариялардың, зілзалалардың сипатына байланысты олардың аумақтық бөлімшелерін, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың өкілдері мен ұйымдардың басшыларын тарта отырып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның өкілдері кіреді.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.06.2015 № 547 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Комиссияны құрған орган төтенше жағдайдың ауқымына байланысты төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеру мерзімін айқындайды.

5. Комиссия төрағасының төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды, апаттарды тергеп-тексеруге қатысты мәселелер бойынша техникалық, экономикалық және басқа да сараптамалар тағайындауға құқығы бар.

Комиссия тергеп-тексеру барысында оқиғаны көргендерден, лауазымды және басқа

адамдардан жазбаша және ауызша түсініктемелер алады, аварияларға, зілзалаларға, апаттарға дейінгі мән-жайларды, оның себептерін, техникалық құрылғыларды пайдалану шарттарының, технологиялық процестерді бұзу, өрт және өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын бұзу сипатын анықтайды, осындай төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан авариялардың, зілзалалардың, апаттардың салдарын жою және алдын алу жөніндегі іс-шараларды, осы оқиғалармен келтірілген материалдық залалдарды анықтайды.

6. Комиссия тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін он жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан авариялардың, зілзалалардың, апаттардың себептерін тергеп-тексеру актісін жасайды.

7. Комиссия төтенше жағдайды тергеп-тексеру нәтижесі бойынша тергеп-тексеру материалдарын әзірлейді және белгіленген тәртіппен 5 жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарды хабардар етеді.

8. Тергеп-тексеру материалдары:

1) комиссияны тағайындау туралы құқықтық актіні;

2) тергеп-тексеру актісін;

3) төтенше жағдайлардың туындауы орнын қарау хаттамасын, жоспарларды, схемаларды, нобайларды, фотосуреттерді;

4) комиссия төрағасының техникалық және экономикалық және басқа да сараптаманы тағайындау туралы шешімін;

5) авария себептерін, зертханалық және басқа да зерттеулердің, эксперименттердің, талдаулардың нәтижелері туралы сараптама комиссиясының қорытындысын;

6) азаматтық қорғау бөлімшелері басшыларының, егер бұл қызметтер төтенше жағдайларды жоюға шақырылған болса, баяндама жазбахаттарын;

7) куәгерлерден, төтенше жағдайлар туындауына қатысы бар адамдардан, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарының сақталуына жауапты лауазымды адамдардан жауап және түсініктеме алу хаттамаларын;

8) нұқсан туралы мәліметтерді, сондай-ақ төтенше жағдайлардың мән-жайлары мен себептерін сипаттайтын басқа да материалдарды (анықтамалар, көшірмелер) қамтиды.

9. Лауазымды адамдар мен азаматтардың заңсыз іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда, комиссия тергеп-тексеру материалдарын кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, тиісті органдарға жібереді.

10. Мүдделі мемлекеттік органдар олардың аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар төтенше жағдайдың мән-жайларын, себептерін зерделеуді және талдауды қамтамасыз етеді, олардың алдын алу бойынша комиссия ұсынған іс-шараларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Қауіпті өндірістік объектілердегі аварияларды тергеп-тексеру өндірістік

қауіпсіздік саласы уәкілетті органдарымен «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-тарауына сәйкес жүргізіледі.

Төтенше жағдайлардың туындауына  
әкеп соққан аварияларды, зілзалаларды,  
апаттарды тергеп-тексеру қағидаларына  
қосымша

Нысан

**Төтенше жағдайлардың туындауына әкеп соққан аварияларды,  
зілзалаларды және апаттарды тергеп-тексеру  
актісі**

1. Төтенше жағдайлар (бұдан әрі – ТЖ) болған облыстың (қаланың) орынның атауы, ұйымның атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны, меншік нысаны және мекенжайы: \_\_\_\_\_

2. Комиссия құрамы:

Комиссия төрағасы: \_\_\_\_\_

(тегі, аты-жөні, лауазымы)

Комиссия мүшелері:

3. Ұйымның, объектінің, учаскенің, аумақтың, ТЖ орнының сипаттамасы (қысқаша) \_\_\_\_\_

Бұл бөлімде басқа мәліметтермен бірге: объектінің ТЖ-ға дейінгі жұмыс режимін, жабдықтарды көрсету (бекітілген, нақты, жобалық), объектінің авария алдындағы жай-күйі, техникалық пайдалану қағидаларының сақталуы туралы қорытынды беру; осы объектіде бұрын осыған ұқсас ТЖ болған-болмағанын, олардың алдын алу жөнінде іс-шаралар әзірленген-әзірленбегенін (қашан, кім және қандай, олар қалай орындалды) көрсету қажет.

4. Қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігі (қауіпсіздік техникасы бойынша қайда және қашан оқу-жаттығудан және нұсқама алудан, біліктілік комиссиясында білімін тексеруден өтті)

5. ТЖ мән-жайлары (осы бөлімнің соңында ТЖ сипатын көрсету керек) \_\_\_\_\_

6. ТЖ-ның ұйымдастырушылық және техникалық себептері (Әрбір себептен кейін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің қандай талаптарының орындалмағаны немесе бұзылғанын көрсету керек)

---

7. ТЖ-ның себептерін жою жөніндегі іс-шаралар (ТЖ зардаптарын жою және орындау мерзімін көрсете отырып, олардың қайталануының алдын алу жөніндегі шараларды жазу керек) \_\_\_\_\_

8. ТЖ-ға жол бергені үшін жауапты заңды және жеке тұлғалар туралы қорытындылар және оларды жазалаудың ұсынылған шаралары (заңнамалық және нормативтік құқықтық актілердің қандай талаптарының орындалмағаны немесе олардың бұзылғаны көрсетілсін, ТЖ болған сәттегі жергілікті атқарушы органдардың, жедел қызмет көрсетуші персоналдың іс-қимылдарына баға беру керек) \_\_\_\_\_

9. ТЖ-дан келген зиянның жиынтық көлемі, барлығы \_\_\_ мың теңге.

10. Өзге ақпарат (қажет болған кезде).

Тергеп-тексеру жүргізілді және акт жасалды: \_\_\_\_\_

(жылы, айы, күні)

Қосымша: тергеп-тексеру материалы \_\_\_\_\_ парақ.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері: